

"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерін арнайы автокөлік құралдарымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесі бастығының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 19-42-3.3.22 бүйріғына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесі бастығының 2020 жылғы 27 қазандағы № 20-42-3.3.15 бүйріғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 23 қарашада № 21671 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерін арнайы автокөлік құралдарымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесі бастығының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 19-42-3.3.22 бүйріғына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19742 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 26 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған бүйріқпен бекітілген қосымша осы бүйріқтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің қаржы және бухгалтерлік есеп секторы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бүйріқты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйріқты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Этalonдық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйріқтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесі бастығының орынбасары – бас бухгалтер Е.К.Арпабаевқа жүктелсін.

4. Осы бүйріқ алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Президенті Кеңесінің бастығы

Н.Онжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Президенті Кенсесі бастығының
2020 жылғы 27 қазандығы
№ 20-42-3.3.15 бұйрығына
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Президенті Кенсесі бастығының
2019 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 19-42-3.3.22 бұйрығына
ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ведомстволық бағыныстағы
мемлекеттік мекемелерін арнайы автокөлік құралдарымен қамтамасыз етудің
ЗАТТАЙ НОРМАЛАРЫ**

Арнайы автокөлік құралдарын қолдануға құқығы бар мемлекеттік мекемелер	Функционалдық мақсаты	Арнайы автокөлік құралдарының заттай нормалары *	
		жәніл автомобиль	жүк автомобилі және/немесе жолаушылар автобусы, микроавтобус
1	2	3	4
Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі	жедел	-	1

Ескертпе: * - бір автокөліктің бір айдағы жүру лимиті 2100 км.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК